

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы	«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы				
Топ	Ортаңғы топ				
Топтың атауы	«Айшуақ»				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Кенжеғазы Мадина				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	24.04-28.04.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға "Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстелдің үстіне	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару,

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б. естеріне салып отыру.	бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.	ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сұрту іскерліктерін жетілдіру.	жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю.
	Иллюстрациялық суреттерді құрастыру Мақсат-міндеттер. "Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Өзара айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: суреттерді салыстыра отырып, айырмашылықтарын тапқызу; сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру. Әр бала санына 15 дана суреттер жинағы. Барысы: әр балаға суреттер таратылып	"Үй құрылысының ретін көрсет". Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру, ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Барысы: балаларға үйдің суретінің	«Әдепті сөздер шеңбері» Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.	"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа

		беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.	үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну. (құрастыру)		ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршақты ұлттық киімге киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау.
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығуы. "Зырылдауық" жаттығуы. - Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен. - қолды екі жаққа созу. - екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту. - қолды екі жаққа созу. - бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу. - бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру. "Тізені шапалақтау" жаттығуы. - Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта. 1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу. 3-4- бастапқы қалыпқа келу. "Сипаттаймыз" жаттығуы. - Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.				

	- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау. - 4-5 рет еркін тыныс алу. "Өкшемізге қараймыз" жаттығуы. - Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта). - 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау. - 3-4- бастапқы қалыпқа келу. (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Көңіл-күйді анықтау» Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға:	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көңілде көп қуаныш, Әр көңілде жақсы үміт.	Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу.	«Мақтау сөздер айту» Ойынның мақсат-міндеттер: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің	«Достық көмек» Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына

	«Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.	Келетін жылға мың алғыс, Әкелген көп жақсылақ. (сөйлеуді дамыту)		тартымдылығын айтып, мақтайды.	қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Достық шеңберінде". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі	Дене шынықтыру "Ұлттар достығы". Мақсат-міндеттер. Балаларда допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта	Музыка "Достық шеңбері". Мақсат-міндеттер. Балаларды әлемдік классикалық композитор В.	Дене шынықтыру "Достық күндей жарқырайды" Мақсат-міндеттер. Балаларда еденге тігінен тұрған	Қазақ тілі Бұл менің Отаным. Қазақстан. Мақсат-міндеттер. Қазақстан туралы қазақ тілінде

	шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету.	лақтыру техникаларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру.	Моцарттың шығармасын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; шығарма сипатын анықтай отырып, өз әсері туралы әңгімелей білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, фортепиано сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру.	құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын жетілдіру.	айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді; отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды; жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуді; Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің атауын жатқа білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтарын
--	---	---	---	---	---

					арттыру; бақылауды дамыту.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақтар. Әуеден күбі түсті, Күбінің түбі түсті. (Күннің күркіреуі) Жөңкейді бұлттар дүркіреп, Жауады жауын күркіреп Аспанның жүзі жарқ етті, Ақ найза жерге сарт етті. (Найзағай) Бақылау. Найзағайдың жарқылдауын	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Күнді жабады, Жаңбыр болып жауады. (Бұлт) Бақылау. Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды	Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Аспанда әсем белбеуді, Алып белге буынсам. (Кемпірқосақ) Бақылау. Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау. Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту. Табиғат құбылыстарының сұлулығына сүйіспеншілікпен	Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын. (Көл) Мақал-мәтел. Қалған көлге бақа басшы. Болжам. Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады. Бақылау. Су айдынының өмірін	Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Ақ балық-ау, ақ балық! Қармағымды қап, балық! Жұмбақ. Аузы бар, тілі жоқ, Терісі бар, жүні жоқ. Тірегі бар, ізі жоқ, Қанаты жоқ ұшпайды Су астында қыстайды. (Балық) Бақылау. Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың

бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек. Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»(тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру)	жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету. Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру) Санамақ арқылы мысықты тандап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру. Еңбек. Бақшадағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Өсімдіктерді қопсыту. Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу,	қарау. Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автомобильдер». (дене шынықтыру) Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку. Өз бетімен ойындар. Асфальтқа бормен сурет салу. Асфальтта сурет салуға балалардың	бақылауға үйрету (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дөңдерді тереді); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі). Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз.	қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру) Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту.
---	--	---	---	--

	Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу. Еңбек. Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. (еңбек дағдылары) Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру.	өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті арттыру. Өз бетімен ойындар. Велосипед тебу. (дене шынықтыру) Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу.	көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру.	Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру) Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу. Еңбек. Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Жаппаның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін	Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су құю. Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету.
--	---	--	---	---	---

				жағдай жасау. Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ғажайып табиғат әлемі". Мақсат-міндеттер. Балалардың көктемгі табиғаттың ғажайып құбылыстары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; көктем құбылыстарын ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен қызығушылықтарын дамыту.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Достық шеңбері ойындар тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балаларға сөздік ойындар мен жаттығулар барысында достық туралы ұғымдар қалыптастыру, әдептілік ережелерімен таныстыруды жалғастыру.	Сурет салудан ойын-жаттығу "Зәулім үй". Мақсат-міндеттер. Баланы тіке жатқан қағаз бетінде тіктөртбұрышты үй бейнесін салуға үйрету; салынған қылқаламмен жақпалау арқылы терезелер қатарларын салуда машықтау.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қазақтың туыстық атаулары". Мақсат-міндеттер. Балаларды қазақтың туыстық атауларымен таныстыра отырып, әр туыстық атаудың мазмұнын түсіндіру және мәнін ашу; шығарманың қазақтың ұлттық ерекшелігінен туындағанын түсіндіре отырып, шығарманың мазмұнын, мұқият тыңдай білуге үйрету және жаттату.	«Сыпайы өтініш» Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек.

Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Достық" Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Достық" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын достық сөзі білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	Жаңылтпаштар жаттау. 1. Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. 2. Омар томар алар, Орал орақ оар. 3. Қырда қырау Қызыл ала бұзау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	«Адал достар» Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі- «құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар»	"Достық" өлеңін жаттау. Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттық баласы Достығымыз жарасқан. Ортақ бізге бір Отан, Ортақ жердің байлығы Еңбек ортақ, жыр ортақ, Ортақ бізге барлығы. Е.Елубаев (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
-------------------------------------	--	---	---	---	---

				секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады.	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Психолог кеңесі. "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?"	"Тез тамақтанудың зияны" тақырыбында кеңес.	"Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу.	"Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.	"Отбасымен серуендеу" тақырыбына көрме ұйымдастыру.

Тексерген: Бекишева М.А. 